

**Х. К. Уразбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты;**

**Б. Н. Тұрғымбаева, оқу-әдістемелік бөлімінің аға оқытушы-әдіскері;**

**А. М. Дүйсембеков, оқу-әдістемелік бөлімінің оқытушы-әдіскері**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ТӘЖІРИБЕЛІК ОҚЫТУДЫ ҮДЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

*Аннотация. Авторлар аталған мақалада білім беру үдерісін әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету сапасын және оқу үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануды ынталандыру мәселесін қарастырады.*

*Түйін сөздер: тәжірибе, біліктілік, бағыт, мәселе, стандарт, көлем, дидактика, үдеріс, пікірталас, дербестік, кесте, бағдарлама, бәсекелестік, таным, белсенділік.*

Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі жоғары оқу орындарындағы тыңдаушылардың теориялық және тәжірибелік дайындығында оқытуды үдету ісі оқу үдерісіне инновациялық технологияларды, компьютерлік оқыту мен бақылаулық бағдарламаларын, өзге де қолданыстағы заманауи нысандар мен әдістерді дайындап, қолдану арқылы әрі көрнекілік, бірізділік, жүйелілік, ғылымилық қағидаттары арқылы ғана толыққанды жүзеге аса алады.

Оқытуды оңтайландыру мен мамандарды дайындау мәселелерін қоғам мен мемлекеттің үнемі назарына ұстауына қарамастан, осы уақытқа дейін білім алу жүйесінде: барлық деңгейде келенсіз құбылыстарды тудыратын білім беру сапасын субъективті сыңаржақты бағалау; оқыту сапасын қамтамасыз етуде жаңа енгізілімдер мен соны үрдістерді қабылдамаумен қатар бақылау әдістерін енгізуге құлық-ниеттің жоқтығы; материалдық-техникалық базаның, зертхана жабдықтарының, оқу және әдістемелік әдебиеттердің заманауи талаптарға сәйкес келмеуі; мамандарды дайындау жүйесінде білім беру сапасын қамтамасыз ету ниетінің болмауы басым түсіп отыр.

Қазіргі уақытта, әсіресе белгілі бір арнаулы бағытта, білім беру тиімділігі мен оқу пәндерін оқыту сапасы өзекті мәселенің қатарынан саналады. Ақпараттар тасқыны жағдайында оқу үдерісінің үдете түсуге мүмкіндік тудыратын педагогикалық әдістер мен амалдардың жолдары қарастырылып, осы ыңғайда көптеген ізденістер жүріп жатыр. Алдымен оқытуды үдету дегенде кәдімгі оқу ұзақтығында оқу сапасын төмендетпей, білім алушыларға оқу ақпараттарының қомақты бөлігін бере алу деп түсінуіміз қажет.

Осыған орай құқық қорғау органдарының қызметкерлерін дайындаудың отандық стандарттары оңтайландырылып, олар полицияны дайындайтын халықаралық стандарттарға сәйкес болуы қажет.

Білім алушылардың оқу-танымдық қызметін жандандыру әдісін іздеу мәселесі әр уақытқа қойылған. Оның шешімінің әртүрлі нұсқалары ұсынылған: оқытылатын ақпарат көлемінің ұлғаюы, оқуға ерекше психологиялық және дидактикалық жағдай құрғанға дейін салыстырмалы үдерісті жеделдету, техникалық құралдарды кеңінен қолдану және бақылау нысанын күшейту. Жалпы алғанда танымдық қызығушылықты ынталандыруды дамытуды үдету, оқытуда шығармашылық қабілеттерін оятуға және тек оқытудың белсенді тәсілдерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім сапасының талаптарын төмендетпей оқу ақпараттарының кең көлемде берілуіне мүмкіндік береді, яғни оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, тәжірибелік оқытуды үдетуге болады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі жоғары оқу орындарында тәжірибелік оқытуды үдету оқу үрдісінің мазмұнын жетілдіруге (оқу материалдарын ұтымды іріктеу, оқу уақытын үнемді және оңтайлы пайдалану, оқытуды жекелеу және т. б.) және оқыту әдістерін

жетілдіруге (ұжымдық нысанның танымдық қызметін кеңінен қолдану – тренингтер, іскери ойындар, бүгінгі таңдағы оқытудың мультимедиялық жүйесін қолдану және т. б.) мүмкіндік туғызады. Көрсетілген бағыттар оқытындардың оқытылатын пәнге өздігімен қызығушылық танытуына және пәнді меңгеруде шығармашылық белсенділігін оятуға мүмкіндік береді.

Оқу сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін қолдану барысында ереже ретінде іс жүзіндегі тәжірибелік үлгілермен байланысты мәселелік жағдайдың үлгісін әзірлей білу және танымдық дербестікті қалыптастыру қажет, яғни оқу үрдісі қызметіндегі жаңашылдықтарды өздігімен танып, білуге ұмтылу. Бізге белгілі, танымдық дербестікті тәрбиелеу амалына шешім процесінде білім алудың танымдық міндеті болып табылады және оларды табу тәсілдерін оңтайландыруды қажет етеді. Осыған орай, кейбір білім алушылар тіпті білім минимумы талап етілсе де, тәжірибе міндеттерін шешу тұрғысында ұсыныстары болмайды. Біздің көзқарасымызша, міндеттерді шеше білу нақты берілген алгоритм<sup>1</sup> бойынша міндеттерді шешу біреу арқылы іске асуы қажет.

Білімді меңгеру үшін осындай тәсілдерді білуі өте тиімді, оқытындарға осы және басқа да ережелерді оқумен байланысты жағдайларды (фабула) өздігімен құру ұсынылады.

Осының бәрі оқытындар танымдық міндеттерді шешу үдерісінде, оқытушының білім алушылармен танымдық әңгімесі (пікірталас) және мәселелі материалды баяндау сабақ барысында әртүрлі жолдармен құрылатын танымдық дербестікті ынталандыруға себепші болады.

Аналитикалық танымдық міндеттердің қиындық деңгейі мәселелердің сипаттамасына және олардың мазмұнына байланысты болады. Бір және дәл сол тапсырмалардың мәтініне әр көлемде және әртүрлі сұрақтар қоюға болады. Сонымен бірге оқыту аясында бұл тәсілді тәжірибелік міндеттерді шешу барысында сұрақтар қою (оның ішінде мәселелік) жолдарымен жүзеге асыруға болады.

Жоғарыда айтылғандай, осының бәрі тапсырмалар жинағының мазмұнына, сонымен қатар тәжірибелік тапсырмаларды шешу тұрғысында ерекше талаптарды ұсынады.

Дегенмен, дәстүрлі оқытындарға алғашында жалпы көзқарасқа сәйкес міндеттерді шешу ұсынылады, сосын шешімнің басқа нұсқаларын іздеу ұсынылып, ал шешімнің мүмкін нұсқалары тапсырманың мәтінінде «бүркеме мағынасында» берілген. Осыған орай, арнайы тапсырмалар, сонымен қатар оларды шешуде негізгі аса маңызды бағыттар оқытушының әр тапсырма бойынша сол тапсырма мәтінінде немесе жеке карточкаларда, қиындық деңгейін есепке ала отырып, кілт сөздерді көрсету парағымен, сонымен қатар топтың дайындық деңгейімен құрастырылады.

Сабақты өткізу барысында оқытуды үдету ұсынылған ақпаратты құрылымдау және қысқарту мақсатында дәріс сабақтарында, сонымен қатар барлық басқа сабақ түрлерінде және көрнекі құралдар (кесте, сызба, тақырып сұрақтарының ақпараттық блогы) арнайы оқу әдебиеттерінде қолдануға мүмкіндік береді. Осындай тәсілдер барысында психикалық процесс қарқындалады (ықылас, зейін, ойлау, елес).

Бұрын оқытылған материалды мақсатты түрде қайталау, оны жинақтау мен жүйелеу қажеттілігі — оқытудың бірден-бір оңтайлы әдісін іске асыруға мүмкіндік береді. Кестелер мен сызбаларда қажетті материалдарды ықшам және көрнекі түрде ұсыну, тыңдаушылардың танымдық қызметін белсендендіруге ықпал етеді. Егер арнайы сызбаларда мәтіннің жекелеген түсіндірме элементтерін қолдану керек болса, ал кестелік материалдарда ақпараттың барынша үлкен көлемін мақсатқа лайық көрсетеді. Әртүрлі шартты белгілерді белсенді қолдану қажет: тыңдаушылардан нақты ойлау белсенділігін талап ететін көрсеткіштер, астын сызып көрсету, қосымша түсті қолдану, арнайы белгілер және т. б. Кестелік бейнеге назар аударылса да (сызба, кесте), сонымен қатар қысқа үлгілерде оқытушы түсіндіретін материалдың мазмұны немесе тақырып сұрақтарының ақпараттық блогында көрсетілген, қысқа үлгілерде оқытушы түсіндіретін материалдың мазмұны түсіндіріледі.

Сонымен қатар дәріс немесе басқа да сабақ түрлерін өткізу барысында бүгінгі таңдағы мультимедиялық тасымалдағыш құрылғыларын қолдану табысты көрінеді. Мәтіндік және кестелік ақпарат қарапайым бағдарлама түрінде немесе презентация құруда арнайы бағдарлама түрінде ұсынылуы мүмкін. Мультимедиялық жүйені қолдану тәжірибелік көрнекі үлгілерді көрсетуді есепке ала отырып, уақыт қорын үш рет үнемдеуге мүмкіндік береді. Осының барысында кез-келген сызба, кесте, сурет, сұрақтардың ақпараттық блогы және тәжірибелік үлгілер тыңдаушылардың өзімен қабылданып, жасалу қажет.

Оқытуды қарқындатудың оң үлгісіне оқу материалының негізінде түсіндірілетін арнайы оқулықтарды қолдану және дайындық тәжірибесі, оқу материалын жинақтаудың нақты құрылымын құруға бағытталған, тексерілетін сызбалар мен кестелер, тәжірибелік үлгілер мазмұндалатын және оқу анықтамасы (түсініктеме) жатады.

Жалпы алғанда, қарастырылатын тақырыптың нақты қолданбалы сипаттамасы болғанда, тәжірибелік оқытудың қажеттілігіне оқу құралдары (оқу-әдістемелік және оқу-тәжірибелік) материалдарының сәйкестігі туралы мәселе бар. Оқу сұрақтарын сипаттау және оны шешу дағдылары, құрастырушылардың авторлық ұстанымын баяндау жатады. Бірақ, осының барысында материалдарды жеке өзіндік оқу үшін қажетті оқу құралын құрастыру идеясынан айрылып қалу қаупі кездеседі.

Болашақта оқу материалдары нақты «оқу операцияларына» бөлінген «бағдарламаланған» оқу құралдары деп аталатын (ЭЕМ қолдану міндетті емес) әзірлемесі көрініс табады. Бұрынырақта осындай оқу құралдарының мазмұнына келесі талаптар ұсынылатын: материалдың нақты жүйелілігін баяндау, қайталау үшін жаттығулар қосу, жағдайлық мәселелерді шешу алгоритмі, шешімді дұрыс сараптау әдістемесі, шешімді түзету үшін ұсынымдар, басқа әдебиет көздеріне және басқа оқу құралдарының бөлімдеріне ақпараттық сілтемелер, келесі материалдарды сәтті меңгеру үшін орындалуға талап етілетін оқу материалдары немесе басқа тапсырмаларды жіберу, тест тапсырмаларына сілтеме және т. б.

Оқытудың жеке әдістемесінің қолданбалы бөлімі ретінде тәжірибелік сабақтарды өткізу бойынша оқу-әдістемелік материалдарының қажетті элементтерінің бірі тәжірибелік жағдайлардың кеңейтілген сараптамасының оқу үлгісі бойынша әдістемелік әзірлемелер болу керек.

Тәжірибелік оқытуды қарқындатудың жоғарыда аталған бағыттарынан басқа іскери ойындар әдісін «ойын барысында келіп түскен ақпараттарды талдау, қажетті факторларды түсіндіруде көпқадамдық, кезең бойынша жағдайларға шешім қабылдау және өңдеуді» атауға болады. Іскери ойын білім берудің қолданбалы мақсаттылығын оңтайландыру сұрақтарымен тығыз байланысты және шешім қабылдау барысында болашақ кәсіби қызметтің мазмұнын жаңғырту нысанын ұсынады, сонымен қатар осы қызметке тән қарым-қатынастардың нұсқасын әзірлейді. Бұл оқу үдерісін белсендендіреді. Осының барысында ең бастысы оны өткізуде тек ішкі формасы ғана емес, сонымен қатар іскери ойындармен анықталатын қиын психологиялық-педагогикалық үдерістер. Іскери ойындар әлеуметтік және болашақтағы тәжірибелік қызметтің пәндік мазмұнын ашады, сонымен қатар тыңдаушылар басқа рөлдік ұстанымның өкілдерімен өзара қарым-қатынасқа түседі, білім алушылар ұжымда өздерінің іс-әрекеттерін нығайта түседі және алған білімдері абстракталы түрде емес, мәселелік жағдайдың тәжірибелік ойын контекстінде меңгеріледі.

Сонымен қатар, іскери ойындарда барлық теориялық білімді оқытылатын пәндер бойынша қолдана білу ұйғарылып, тәжірибе тапсырмаларын орындау жағдайларын өзгерту үлкен маңыздылықты қажет етеді. Бұл динамикалық ойлау қабілетін құруына мүмкіндік туғызады. Оқитындарды тапсырмаларды шешу барысында нақты іс-әрекеттердің бірізділік қажеттілігі (алгоритмдік процесс) және оларды осыған мақсатты түрде ыңғайлау.

Осында ойын процесінің динамикасын анықтайтын іскери ойындардың ең маңызды генерирования тәсілдері көрініс табады және оқиғалардың детерминизациясы көрінетін аралас тип деп аталады (оның мазмұнынан келіп шығатын жағдайлар мен шешімдердің шектеулігі), сонымен қатар күтпеген жағдайларда (бейнеөзгерту барысында — аталған ойын жағдайының үлгі, нұсқасын әзірлеу).

Іскери ойын — тәжірибелік сабақтарда мәселелік оқытудың жоғары дәрежесі, яғни оқытушы мәселелі жағдайларды туындатады, ал тыңдаушылар оны шешудің мүмкін бағыттарын анықтайды, ішкі және пәнаралық байланысты, аталған тақырыптағы білімдерін көрсетеді.

Ендеше, оқу-танымдық қызметтің тәсілдерінің белсенділігін арттыру және әдістерді қолдану барысында оқитындардың келешектегі кәсібімен байланысты нақты тапсырмаларды сәтті шешуге болады. Әрине, оқыту нәтижелерінің жақсаруы және материалдарды меңгеруін жылдамдатуды жүзеге асыру, оқу материалдарын меңгеруге жеке қызығушылығы, сонымен қатар оқитындардың белсенділік танымын жоғарылатады.

Сондықтан, оқыту тәжірибесімен алмасу, оқу үрдісін үдетуге мүмкіндік туғызатын оқу әдістері мен тәсілдерін зерттеу, оқытудың сапасын арттырады.

Бәсекелестік күресте тыңдаушылар абдырап қалмай және сәтті болулары үшін, Қазақстан Республикасы ІМ білім беру ұйымдары білім беріп қана қоймай, олардың еп-дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін және өз теорияларын тәжірибеде кеңінен қолдана білуге үйрету қажет.

## **Резюме**

Авторы рассматривают вопросы качества методического обеспечения образовательного процесса и стимулирования использования преподавателями инновационных технологий в учебном процессе.

## **Resume**

The authors in their article are considered the questions of quality of methodical guarantee of educational process and stimulation of using the innovational technologies in educational process.

---

<sup>1</sup> Алгоритм шешімі қолданылуда, бірақ оқитындар қолданылу қажеттілігін, оның мағынасын түсіне бермейді. Алгоритм түсінікті болу үшін (оның барлық операциялары және олардың арасындағы байланыс) оны тек қана дайын түрде ғана ұсынбай, оқитындармен бірге аудиторияда құру қажет. Сонымен қатар алгоритм кестелерін жаттауды ұсыну жарамайды, олар өздігімен есте сақталуы қажет, оларды әр үлгіде бірнеше рет қолдану керек. Тағы да айта кететін жайт, алгоритм кестесінде өте қиын немесе оқитындар көп қателіктер жіберетін, ойлау қабілетіне көп уақыттарын жоғалтатын, шешілмейтін операциялар болмауы керек.